

**"Қазақстан Республикасының Жер кодексіне толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 23 мамырдағы N 443 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ** ЕТЕДІ:

"Қазақстан Республикасының Жер кодексіне толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

*Жоба*

**Қазақстан Республикасының Заңы**

**Қазақстан            Республикасының            Жер            кодексіне  
толықтырулар енгізу туралы**

**1-бап.** 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 13, 99-құжат; 2005 ж., N 9, 26-құжат, 2006 ж., N 1, 5-құжат; N 3, 22 құжат) мынадай толықтырулар енгізілсін:

1) 9-баптың 3-тармағы мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен анықталатын халықаралық қатысуы бар ғылыми орталықтарға;"

2) 13-бап мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

"4-1) жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскелеріне құқық беру ережесін бекіту;  
"

**2-бап.** Осы Заң ресми түрде жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*